

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БАҚЫТ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР БАЗАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН КӨРІНІСІ

Жаманбалаева Шолпан Ерболқызы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің
Философия, саясаттану және дінтану институты

Әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор

Тленчиева Шырын Муратқызы

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының 2 курс PhD докторанты

Қазіргі таңда әлеуметтік сала зерттеушілері арасында халықтың өмір сүру сапасын бағалау, соның ішінде ел азаматтарының бақыт деңгейін анықтауға байланысты жұмыстар саны артып келеді. Тіпті, кейбір елдерде бұл жағдай мемлекеттік саясатты жүзеге асыру барысында басты назарға алынады.

Адамдар өз өмірлеріндегі бақытқа ұмтылып қана қоймайды, сонымен бірге олар басқа адамдардың бақытты болуы үшін қамқорлық көрсетеді және әр елдің үкіметі кез келген ел азаматы үлкен бақыт құруға тырысуы керек деген идеяны қолдайды [1]. Бұл классикалық философия қазіргі таңда практикалық жағынан жиі зерттелініп келеді. Себебі, ғылыми зерттеулер бақыт жағдайлары туралы көбірек көзқарастар мен тұжырымдамалар береді [2].

Бұл тұрғыда бақыт дегеніміз, әдетте, адамның өзі өмір сүретін өмірді қаншалықты ұнататынын немесе формальды түрде өз өмірін тұтастай қалай бағалайтындығын білдіреді. Бұл анықтаманың негізгі элементі – өмірге субъективті «бағалау» немесе «ұнату», сонымен қатар өмірге «қанағаттану» деп те аталады. Бұл ұғымдар жеке адамның психикалық жағдайына қатысты болғанына қарамастан, бұл ұғымдардың нәтижесі жалпы мемлекеттің жағдайын, көрінісін бейнелейді.

Кез келген мемлекет өз азаматтарының өмір сүру сапасын жақсарту және олардың өмірге қанағаттану деңгейін көтеру мақсатында жүйелі жұмыс атқарады. Осыған байланысты, соңғы жылдары зерттеушілер арасында адамдардың бақыт деңгейін өлшеу бойынша жұмыстар саны көбейіп келеді.

Тіпті, әлемнің бірнеше елдерінде бақыт министрліктері жұмыс жасайды.

Олардың ішіндегі ең танымалы – Бутан, Гималайда орналасқан кішкентай патшалық. Бутан әлі күнге дейін аграрлық мемлекет болып табылады және әлемдегі ең аз дамыған елдердің қатарына кіреді, бірақ бұл бақыт министрлігі пайда болған алғашқы ел.

2013 жылы Венесуэлада дәл осындай агенттік құруға әрекет жасалды. Сол кезде елдің президенті Николас Мадуро жаңа мемлекеттік орган өзінің алдындағы Уго Чавестің кедейлікпен күресуге бағытталған бағдарламаларын орындаумен айналысу мақсатында құрылғанын хабарлады.

Адамдарды бақытты ететін агенттік құруға шешім қабылдаған тағы бір ел – БАӘ: онда 2016 жылы «әлеуметтік игілік пен ләззат алуға» қамқорлық жасайтын министрлік құру туралы премьер-министр Мохаммед ибн Рашид Аль Мактум мәлімдеген.

Сонымен қатар, 2016 жылы Үндістанның Мадхья — Прадеш штатында бақыт министрлігі құрылды. Ал, Нигерияда 2017 жылы Мемлекет басшысы Имо-Рошас Окороча бақыт және жоспарларды орындау министрлігінің құрылғанын жариялады. Агенттік басқа билік құрылымдарының тұрғындарды қамтамасыз ету жөніндегі жұмысын бағалайды және олардың әл-ауқатына қалай қамқорлық жасау керектігі туралы ұсыныстар береді деп болжалды [3].

Осылайша, халықтың өзін-өзі бақытты сезінуін зерттеу әлеуметтік ғылымдардың объектісіне айналып, эмпирикалық сипатқа ие болды. Бұл көптеген жарияланымдарда жарияланған зерттеу нәтижелерінің көбеюіне әкелді.

Сәйкесінше, белгілі бір тақырып аясындағы зерттеу нәтижелерін қадағалап отыру қиындық тудырады. Бұл зерттеулерді синтездеудің жаңа әдістерін, атап айтқанда зерттеу нәтижелерін біріктіру әдістерін және оларды салыстырмалы түрде ұсынуды қажет етеді.

Дүниежүзілік бақыт туралы мәліметтер базасы осындай әдістің мысалы болып табылады және адамдардың қаншалықты бақытты екендігін, олардың бақытты болуларына әсер ететін факторларды анықтауға бағытталған зерттеу нәтижелерін біріктіреді. Бұл мәліметтер базасы өзінің «қорытындыға» бағдарлануы бойынша «зерттеулер» сақталатын деректер мұрағаттарымен және «жарияланымдар» сақталатын библиографияларымен ерекшеленеді. Зерттеулерді синтездеуге арналған бұл құрал үшін салыстыруға келетін басқа мәліметтер базасы жоқ. Аталған базаның негізін қалаушысы, голланд әлеуметтанушысы Дүниежүзілік бақыт туралы мәліметтер базасын «Табылған заттар каталогы» деп есептейді [4].

Бұл мәліметтер базасында өмірдің субъективті ләззатына баса назар аударылады. Деректер базасында осы тақырып бойынша бес байланысты жинақ бар: 1) 15 000-ға жуық басылымнан тұратын бақыт библиографиясы; 2) 800-ден астам нұсқадан тұратын бақыттың қолайлы көрсеткіштерінің жинағы; 3) ұлттарды зерттеудегі 3000-нан астам жалпы сауалнамаларды тарату нәтижелерін тізімдейтін «халықтардағы бақыт» жинағы; 4) ұлттар ішіндегі жекелеген санаттар арасында шамамен 3000 зерттеу нәтижелерін қамтитын «қоғамдық бақыт» жинағы және 5) корреляциялық зерттеулер жинағы (1 сурет). Бұл коллекцияларды интернеттен келесі сілтеме арқылы көруге болады <http://worlddatabaseofhappiness.eur.nl> [5].

1 сурет. Дүниежүзілік бақыт туралы мәліметтер базасы



<https://worlddatabaseofhappiness.eur.nl/>

Дүниежүзілік бақыт туралы мәліметтер базасы жоғарыда айтып өткендей зерттеу синтезі ретінде, яғни, бақыт туралы қолда бар зерттеулерді талдау негізінде жасалынған.

Бұл, ең алдымен, бақыттың нақты анықталған тұжырымдамасына назар аудару арқылы жүзеге асырылады. Осы негізде келесі қадамдар жасалады: 1) осы мәселе бойынша эмпирикалық зерттеулер туралы барлық есептерді тізімдеу; 2) бақыттың қолайлы өлшемін қолданатын зерттеулерді таңдау; 3) жалпы терминология мен статистиканы қолдана отырып, стандартты рефераттарда байқалған нәтижелерді сипаттау; 4) осы рефераттарды пәндер,

әдістер және популяция топтары бойынша реттеу және 5) статистиканы барынша орташаландыру.

Жоғарыда аталған мағынада бақыт туралы айтылатын барлық басылымдар «Бақыт библиографиясына» енгізілген. «Бақыт» сөзі бұл шығармаларда әрдайым қолданыла бермейді, ал бақыт әрқашан басты мәселе бола бермейді. Тұжырымдамалық сәйкестікті тексеру мәтіндерді оқу арқылы жасалады. Бұл ассортиментте эмпирикалық зерттеулердің нәтижелері көрсетілген жарияланымдар үшін қосымша таңдау жасалады және осы жиынтықта бақыттың қолайлы шараларын қолданатын эмпирикалық зерттеулерден қосымша таңдау жасалады. Егер олар жалпы бақыттың немесе оның компоненттерінің жоғарыдағы анықтамасына сәйкес келсе, анықталған ақпараттар базаға енгізіледі.

Деректер базасында зерттеу нәтижелерінің екі түрі келтірілген: 1) белгілі бір уақыт пен жерде адамдардың қаншалықты бақытты немесе бақытсыз екендігі туралы анықталған нәтижелер және 2) бақытқа байланысты корреляция нәтижелері. Таңдаудың екеуі де бақыттың бірдей тұжырымдамасына негізделген, сондықтан бақыт көрсеткіштерінің бірдей жиынтығына негізделген.

Бұл жинақ бақыттың алғашқы халықаралық статистикасын ұсынады. Бақыттың орташа деңгейі туралы мәліметтер қоғамға аз немесе аз қолайлы макроэлеуметтік факторларды анықтауға қызмет етеді. Бұл деректер элеуметтік прогресс пен құлдырауды бақылау үшін де қолданылады.

Бақыттың елдерге таралуы туралы мәліметтерді өмір мүмкіндіктерінің теңсіздігін салыстырмалы зерттеулерде қолдануға болады. Қазіргі таңда базаға 162 ел туралы ақпараттар ұсынылған. Яғни, 0-ден 10-ға дейінгі шкала бойынша жалпы адамдар өздерінің өмірінен қаншалықты ләззат алатындығы анықталған.

Дүниежүзілік бақыт туралы мәліметтер базасында Қазақстан халқының өмір сүру сапасы мен бақыт деңгейін анықтауға байланысты зерттеу нәтижелері аз қамтылған, корреляция нәтижелері бойынша зерттеу пәні мен бұқаралығына байланысты қорытындылар ұсынылған.

Бұл тақырып Қазақстанда ғылыми тұрғыдан қарастырылуы енді өзекті болып келеді. Қазақстан халқының бақыт деңгейі бойынша жұмыстар шетелдік ұйымдармен көбірек зерттелінген.


Дүниежүзілік бақыт туралы мәліметтер базасындағы ақпарат бойынша Қазақстан халқының бақыт деңгейі орта көрсеткішке ие елдердің қатарына кіреді. Қазақстандағы орташа бақыт 0-ден 10-ға дейінгі шкала бойынша 6,6-ны құрайды, бұл елдердегі бақыт рейтингісінің ортадан жоғары көрсеткішті қсынып тұр. Әлемдегі басқа елдермен салыстырғанда Қазақстанда орташа бақыт көрсеткіші 2010, 2016 жылдары төмендегенін байқауға болады.

Қазақстан бақыт рейтингісі бойынша 45-і орынды иеленіп тұр. Дүниежүзілік бақыт туралы мәліметтер базасында Қазақстанның деңгейі түркітілдес елдермен салыстырғанда орташа.

Қазақстандағы жалпы халықтың орташа бақыты туралы салыстырмалы деректер 2006 жылдан бері қолжетімді және 2020 жылға дейінгі мәліметтер ұсынылған. Бұл деңгейдің кейінгі жылдардағы өзгерістері 2-суретте көрсетілген. Базада ұсынылған 2006-2020 жылдар аралығындағы орта нәтиже бойынша Қазақстан халқының «Жалпы, осы күндері Сіз өз өміріңізге қаншалықты қанағаттанасыз немесе қанағаттанбайсыз?» деген сұраққа жауап көрінісі бойынша 6,6 көрсетеді. Бұл көрсеткіште ең бақытты ел ретінде рейтингісі жоғары 8,2 Денмарк болып табылады. Ал, Танзания 3,8 ұпаймен ең төменгі рейтингте тұр.

Қазақстандықтар арасында өзін бақыттымын деп санайтын респонденттердің үлесі 46,9 пайызды құрады, яғни орташа деңгейден төмен (Бақытты өмір жылдарын анықтаған нәтиже бойынша Швейцария елінің азаматтары орта есеппен 66,4 пайыз бақытты екендіктерін көрсетіп, жоғарғы көрсеткішті ұсынып тұр, ең төменгі рейтингті 22,8 ұпаймен Орталық Африка Республикасы құрады) [6].

Trend of happiness over time



<https://worlddatabaseofhappiness.eur.nl/nations/kazakhstan-220/>

Біздің еліміз бойынша басқа бақытты өлшеу әдістерін қолдану уақыт өте келе жоғарыдағы нәтижелердің өзгеруіне алып келуі мүмкін.

Қазақстан туралы мәліметтер базасында корреляция нәтижелері бойынша зерттеу пәні мен бұқаралығына байланысты 47 қорытынды ұсынылған. Пәні бойынша зерттеу нәтижелері келесі бағыттарды қамтиды: ел азаматтарының әрекеті, қызметі, жасы, қажеттіліктері, білімі, отбасы, туыстары, достары, жынысы, денсаулығы, тұрмыстық жағдайы, тілдерді меңгеруі, интернетке қатысты жағдайы, кнрңсң, демалысты, бос уақытты өткізуі, өмір сүру сапасын бағалауы, өмір сүру стилі, демографиялық, экономикалық жағдайы, отбасылық жағдайы, отбасындағы қарым-қатынасы, саяси оқиғаларға көзқарасы, саяси мінез-құлқы, дінге қатысты көзқарасы, жұмысы бойынша ақпараттар.

Жоғарыда баяндалған факторлардың барлығы елдің азаматтарының өз-өздерін бақытты сезінуіне қалай әсер ететіндігі анықталған. Бақытты өлшеу үшін «Барлық жағдайларды назарға ала отырып, осы күндері Сіз өзіңізді бақыттымын деп айта аласызба?» сұрағы қойылған. Сәйкесінше, ел азаматтары 5 баллдық шкала негізінде өздерінің көңіл-күйлерін білдірді, яғни, 5 өте бақытты екендіктерін білдірсе, 1 сұраққа жауап берген күндері өз өмірлеріне қанағаттану деңгейі өте төмен екендігін білдірді.

Соңғы жылдардағы жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша жалпы қазақстандықтардың 67,2 пайызы өз өмірлеріне толық қанағаттанса, 31,2 пайызы жартылай қанағаттанады, 0,5 пайызы қанағаттанбайды, 1,1 пайызы жауап беруге қиналған.


Қала тұрғындарына қарағанда ауыл тұрғындары өздерін бақыттырақ сезінеді екен: ауыл тұрғындарының 76,6% толығымен өз өмірлеріне қанағаттанамыз десе, бұл жағдай қала тұрғындарында 61,8%-ды құрайды. Жынысы бойынша ерлер әйелдерге қарағанда бақытты, яғни сауалнамаға қатысқан респонденттердің 65,7% әйел қауымы өз өмірлеріне қанағаттанады, ал ерлер - 69,2%.

Жас көрсеткіші Қазақстандықтардың өздерін бақытты сезінуіне әсерін тигізеді. Зерттеудің нәтижесі бойынша 15-17 жас аралығындағы респонденттердің 75,5%-ы өздерін бақытты сезінсе, 18-28 жастағылардың – 75,1%, 29-38 жас аралығындағылардың 71,4%, 39-48 жастағылардың 65,5%, 49 жастан зейнеткерлік жасқа дейінгілердің 64,3%, зейнеткерлер арасында – 61,9% ғана өз өмірлеріне толығымен қанағаттанады [7].

Бірақ, Дүниежүзілік бақыт туралы мәліметтер базасындағы ақпараттарға сүйенетін болсақ, ел тұрғындарының өздерінің өмірлеріне қанағаттануына жас ерекшелігінен басқа да факторлар басымдық ықпал ететіндігі анықталды. Егер жас, отбасылық жағдай, білім, баласының болуы, жынысы, табысы және т.б. факторлармен корреляциялық нәтижелерді қарастыратын болсақ, қазақстандықтар үшін бұл көрсеткіштердің ішінде ең ықпалдысы табыс

(+0,25), одан кейін білім (+0,14), баланың болуы және отбасылық жағдайы бірдей нәтиже көрсетті (+0,04), келесісі – жынысы (+0,2), халықтың жас санаттары бойынша ең төменгі көрсеткіштер (-0,04) болып саналады екен (3-сурет).

3 сурет. Бақыт деңгейіне әсер ететін факторлар



<https://worlddatabaseofhappiness.eur.nl/search-the-database/distributional-findings/>

Қазақстан Европа елдерінің көлемімен сәйкес келетін территорияда орналасқан Орталық Азиядағы ең ірі мемлекет. Елдің дамуы көрші елдерге де әсерін тигізетіндігі сөзсіз. Алайда, Дүниежүзілік бақыт туралы мәліметтер базасында Қазақстан халқының өмір сүру сапасы мен бақыт деңгейін анықтауға байланысты зерттеу нәтижелері аз қамтылған. Демек, елде осы бағыт бойынша зерттеу жұмыстары қажет екендігі анықталды.

Елде адамдардың өмір сүру сапасы олардың не істейтініне ғана емес, сонымен бірге жалпы қоғамда болып жатқан жағдайға және оның әртүрлі жерлердегі адамдарға қандай әсер ететініне байланысты екендігі анықталды. Сонымен қатар, халықтың өз өмірлеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін жан-жақты әсер ететін факторларды жиі талдап отыру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. J. Bentham, An Introduction to the Principles of Morals and Legislation, 1789
2. R. Veenhoven, Subjective Measures of Well-being, February 2004
3. А.Ардовская, А.Лозинская,
https://www.gazeta.ru/lifestyle/style/2020/10/a_13275481.shtml, 2020
4. R. Veenhoven, How do we assess how happy we are? Tenets, implications and tenability of three theories, 2009
5. <https://worlddatabaseofhappiness.eur.nl/>
6. R. Veenhoven, Happiness in Kazakhstan (KZ), World Database of Happiness, Erasmus University Rotterdam, The Netherlands. Viewed on 2021-11-26 at worlddatabaseofhappiness.eur.nl
7. <https://kapital.kz/gosudarstvo/97824/v-reytinge-po-urovnyu-schast-ya-kazakhstan-zanyal-45-mesto.html> (10.08.2021)